


ТАҚЫРЫБЫ: **«Ардақты-Анашым!»**

«Күншуақ» ересек тобы



Тәрбиеші: Коканова Г.Н.

2024ж

Тақырыбы: «Ардақты-Анашым!»

Міндеті: -мерекелік көңіл-күйін құру;

-ән және қозғалыс орындаушылық дағдыларын қалыптастыру;

-балалардың назарын жалпы әрекетте қатысу тілегін қалыптастыруға эмоциялық қабылдауын ынталандыру;

-өзінің жақын адамдарын қуанта білуге, мейірімділікке тәрбиелеу. Балаларға 8 наурыз мейрамы туралы түсінік беру; анаға мейірімдері мен сүйіспеншіліктерін арттыру; ұстаз бен ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу, ана еңбегін қадірлеуді үйрету. Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары ерекшеліктері туралы балаларға сұрақ беру арқылы қысқаша әңімелету.

Зал іші көктем мезгіліне байланысты әдемі безендірілген.

- Қош келдіңіздер, ата-аналар! Қымбатты, әжелер мен аналар! Апайлар мен сіңлілер! Көктемнің ең алғашқы қуанышы болып келетін 8 Наурыз мерекелеріңіз құтты болсын! Бүлдіршіндеріміздің дайындаған ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

(Балалар музыка әуенімен залға кіреді.)

Шуақты көктем келді гүлін алып,

Көктемнің мерекесі бүгін анық.

Өмірдің көктемі де гүлі аналар,

Ана деп бас иеді бүкіл халық.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Иә осы көктем мезгілінде табиғаттағы құбылыстарды атап беріңіздерші?

Қане маған атап айтып беріңіздерші?

Ендеше балалар бүгінгі көктем мерекесін аналарымызға арнап әнменен бастаймыз

Ән. « Асыл ана»Көктемдей әсем құлпырып



Мағанда анам тұр күліп

Анамның көңіл күйімен

Төгіп тұр үйге нұр кіріп.



Күлгені қандай әдемі
 Жүрегі қандай әдемі
 Мағанда арнап жылы сөзбен
 Көңілі қандай әдемі
 Ол күлсе нұрын шашып күн
 Махаббатыма ғашықпын
 Алыс кетсем мен жанынан
 Көруге оны асықпын
 Күлгені қандай әдемі
 Жүрегі қандай әдемі
 Мағанда арнап жылы сөзбен
 Көңілі қандай әдемі.
Би: «Жұптасып би»
Бір топ қыздар мен ұлдар орындап береді.



Балалардың тақпақтары.

Анель

Еркелеттің асырадың

Мойыныңа асыламын

Аман болшы ардақты анам

Мен арқашан қасыңдамын.



Молдабек

Бәріңіз де анасың

Біз үшін күн боп жансың

Құтты болсын мейрамың

Құттықтаймын анашым

Жасұлан

Мәпелейсің мені анам

Қолыңдағы құсындай

Құлпыра өсіп дем алам

Құшағыңда қысылмай.

Рзабек

Құтты болсын ақ анам

Сегізінші науырызың!

Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жұлдызың,

Тілейді бақыт бір саған

Әлпештеген ұл - қызың.

Айлин

Сеннен –өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймын мейраммен
Құрметті аналар.

Ақ анашым аппағым
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнімде
Арнадым саған бәрінде.

Би: «Анама көмек» бір топ ұл балалар.



Күтпеген сәт : «Көктем ханшайымы»

Балалармен амандасып көңілді әуенмен кіреді.

Балаларға жұмбақтар мен ойын алып келгенін айтады.

Жұмбақтар жасыру:

Жылт —жылт еткен,
Жырадан өткен (су)
Қанаты жоқ ұшады
Аяғы жоқ қонады (жел)
Көтеріліп теңізден
Аспанға биік барамын
Биіктен қайта түскенде
Өңі кірер даланың. (бұлт)
Аспандағы алып доп

Жарқырайды жарық боп. (күн)

Ойын : «Күн сәулесін төгеді»

Екі бала екі түрлі күнді ұстап тұрады. Балаларда екі топта қызыл және сары түсті жолақшаларды ұстап , музыка әуенімен билеп жүреді. Музыка әуені өзгерген кезде екі түрлі күн ұстаған балалар орындарын ауыстырады, ал балалар болса бірде үлкен шеңберде айналса, бірде өз күндерінің түсіне қарай өз күндеріне барып би қимылдарын жасай береді.

Ойын ата- аналарменен: ортаға екі анасы шығады қыздарымен. Анасы шарды үреді шарға орамал тартады басына ұқсатып балалары фломастермен шардың бетіне суретін салады көз, мұрын, ауыз, қас дегендей адам басын келтіреді. Кім бірінші болады сол ана баласымен жеңіске жетеді.

Ән: «Әжетайым»

Айналайын әжемнен
Бақыт байлық әкелген
Өмір жүгі өзіңнің
Көрінеді көзіңнен
Абзал ана әжешім
Ән салады көкешім
Балалардың бағына
Әрқашанда керексің.
Әже әжетайым
Еркеле қарайын
Сен жүрсең ортада
Бақыт деп санаймын.
Айналайын ақ әжем
Өзің ғана бақ әжем
Маңдайымнан сыйпайсың
Әлемдегі дара әжем.
Әже әжетайым
Еркеле қарайын
Сен жүрсең ортада
Бақыт деп санаймын.

- Өмірдегі ең асыл жан — Ана. Сол үшін, балалар, аналарымызды ешқашан ренжітпейік!

Құтты болсын осы шаттық күніміз,

Бақытты да, ұзақ өмір сүріңіз.

Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз!

Балалар өздерінің жасаған сыйлықтарын аналарына ұсынады.

Келесі кезекті асыл аналарымызға құттықтау сөзге берейік.

Асыл аналарымыздың құрметіне ұйымдастырылған шағын ертеңгілігіміз осымен аяқталды.